

## Сағадиев

(Публицистикалық поэма)

Қостанай облысының Құрметті азаматы, академик Кенжеғали Сағадиевке арнаймын



Серік ТҮРҒЫНБЕКҰЛЫ

## Бастау

Торғайдың  
Тусыраған құба бөлі,  
Топырағын  
Түртп қалсаң шығады Ері.  
Тамыры –  
Қарт Жәнібек,  
Ахаң-Жахаң –  
Жалғасқан ғасырларға –  
Мұрагері.  
Алладан жанға медет сұрағалы,  
Мен-дағы жырға қостым бір ағаны,  
Шуағы тым алысқа жететіндей  
Жанымның жарқыраған шырағы өлі.

Алауға айналдырсам сол шырақты,  
Болмай ма көңіл-күйлі,  
Жан-шуақты.  
Жыр жазсам –  
Далам жайлы,  
Ғалам жайлы,  
Қашан да тау-тұғырлы,  
Кел-кұрақты.  
Толғатып сол тұлғаны  
Төбіренгенде,  
Тоғысып,  
Тоқсан тоғыз саласына,  
Торғайдың езендері  
Толқып ақты...

Қарт Торғай!  
Қандай ғажап тесі неткен?!  
Таңданып,  
Керген жанның есі кеткен.  
Еңкейіп суын ішіп  
Ер Едіге,  
Әскері Шыңғысханның кесіп өткен.  
Кең жайлап,  
Кенесары мал семіртп,  
Әлкейк – Қабырғаны кешіп өткен.  
Қырандай  
Ұлытауға ұя салып,  
Аң-құсын  
Атып алып несібе еткен.

Тарихқа ізін салып, соқпақ-өрлер,  
Абатын  
Асанқайғы жоқтаған жер.  
Мәскеуді шаппақ болып,  
Бара жатып,  
Тоқтамыс ат шалдырып  
Тоқтаған жер.

Ұлытау –  
Ұлар жайлап, бақ тұнған жер,  
Талайға бал бұлағын  
Таттырған жер.  
Басталып  
Бұландыдан қырғын шайқас,  
Қалмақтың қанын дірдек қақтырған жер.

Қазына келе жатқан ғасырынан,  
Абайлап атқа қонған асыл ұлан.  
Қалың тал, ну қамыстың арасында,  
Бір кезде жолбарыстар жасырынған.

Тынысы –  
Тамыр тартып,  
Ен Арқадан,  
Асыл су –  
Асығады ел аңсаған.  
Шығысқа  
Шұбатылған Торғай-өзен,  
Саласы тоқсан тоғыз – тарам-тарам.

Сейлеген домбырадай тиегімен,  
Алтындай бу шығарып сүйегнен.  
Сарторғай,  
Қараторғай қосылып ап,  
Сарнайды –  
Сарыарқаның жиегімен.

Жасыл бел –  
Жыл аяғы,  
Жыл басы да,  
Ағады құшағына сыр жасыра.  
Біреуі сол өзеннің  
Жыланшақ-ты,  
Ақкөлге  
Құятұғын жылда асыға.

Торғайдың кең тесінен көсіле ағып,  
Құлайды Ұлытаудан басын алып.  
Жатады айдынды Ақкөл жайбарақат,  
Жыл сайын  
Жыланшақты тосып алып.

Халықпыз сияпатқа-сыйға шебер,  
Әйтпесе,  
Жоғалғандай қимас өнер.  
Арнасы –  
Құрғап мүлде,  
Қаңсып қалар,  
Жыланшақ  
Ақкөліне құймаса егер.

Сондықтан –  
Жыланшақты Ақкөл аңсап,  
Жатады алаң болып,  
Кектем келсе-ақ.  
Содан соң мәре-сәре,  
Жағасында,  
Жайқалып  
Жасыл құрақ –  
Құстар ән сап.

Құпауы –  
Жыланшақтың үлкен думан,  
Мәз-мейрам.  
Басын қосып туыс-туған.  
Қырында жылқы жайып,  
Қой қайырып,  
Арылмас айналасы  
Айкай-шудан.

Туған жер қасиетін біледі елі,  
Перзенттің сол емес пе тілегені?!  
"Жыланшық" шығыс жақтан жүйткіп келіп,  
Ақкөлдін алқымына тіреледі.

Ел-жұрты бұл араны  
"Саға" дейді,  
Құндыздай алтын тонға жаға дейді.  
Қадірін айтып ешкім жеткізе алмас,  
Бәрсе де қанша жерден баға мейлі.

Даланың қандай жақсы гүлденгені,  
Гүлденіп кең жайлауға түр бергені.  
Балағын түріп алып  
Бала Ахмет,  
Тай мініп,  
Тайдай тулап жүрген жері.

Айнала шабындығы қаулаған жер,  
Әр үйдің ошақ оты лаулаған жер.  
Тұнықта жүзіп жүрген шабақты ұстап,  
Ақкөлдін ақ құмында ауаған жер.

Сағада,  
Сол Ақкөлдін алқымында,  
Тамаша туған елдің салты мұнда.  
Жағасы –  
Жыңғыл,  
Жейде,  
Жасыл құрақ.  
Жыланшық жасырынған қолтығында.

Жыл сайын қалың қамыс арасында,  
Қыстайды  
Көшіп келіп ел осында.  
Қамысты пана қылып,  
Малын жайлап,  
Жан сақтар –  
Отын қылып ағашын да.

Арқаның  
Ақпанында –  
Қысты күні,  
Аяздың шыдатпайды үскірігі.  
Содан ба,  
Сол аяздың ажарында,  
Азырақ байқалады сұстылығы.

Әсері қарағанға қандай сұсты,  
Тудырмай тұра алмайды таңданысты.  
Ап, оның есесіне,  
Елден ерек,  
Бойында от-жігері жанған күшті?!

Кенжекең – келді емірге ақпандатып,  
Жабыққан  
Жанарлардан  
Жас парлатып.  
Кешеп  
Құғын-сүргін заманында,

Қайтадан оралғандай  
Қашқан бақыт.

Қайтадан оралғандай  
Бақ-береке,  
Қайтадан жол алғандай  
Шат-мөреке.  
Жаз болса,  
Ат шаптырар реті бар,  
Қыс болып,  
Қиналып тұр,  
Әттең,  
Әке!

Ақкөлдін  
Алқымында  
Аз ғана ауыл,  
Сөкілді артта қалған  
Кездер ауыр.  
Бір шеті Шөптікөлде,  
Қарақұмда,  
Тосынның тұмсығында -- өзге бауыр.

Өзінің өбе қоңыр дәулетімен,  
Екі-үш үй,  
Әлеуеті –  
Әулетімен.  
Сағади –  
"Сағаны" кеп  
Сағалайды,  
Арылып ауыр тұрмыс – жан дертінен.

Болған соң мал қоралап,  
Күн батарда,  
Басталды шай үстінде шілдехана.  
Қысылмай  
Қысыр тайын шалды әкесі,  
Қаужайтын заман емес күнде қалжа.

Білгенге –  
Бұл бір дәурен,  
Бұл бір – бақыт,  
Келмейді жолаушы да күн құрғатып.  
Ән салды бір-екі әйел,  
Басын қосып,  
Бір еркек  
Домбырасын дыңғырлатып.

Тапқан сәт  
Тойдың толас – бір тағатын,  
Өлеңін айтып жүрген шырқап әркім.  
– Ассалаумағалейкум! – дел ойда-жоқта,  
Жарқ етіп кіріп келді  
Нұрхан ақын.

Жанғандай бола қалды үйде шырақ,  
Ауыл-үй отырғанда басын құрап.  
Ол-дағы бір әйдігі –  
Әлімбеттің,  
Қасында атышулы  
Ақсақ Мұрат.

Мүрекең Сағадидің туысқаны,  
Үйінде жатсын қалай тыныш-тағы.  
Келген соң дүниеге  
Қуанышты –  
Әулеттің тағыда бір  
Ту ұстары.

– Сағатай! – деді Нұрхан еркелетіп,  
Қасыма ап,  
Қарт Мұратты желкелетіп.  
Келді деп кінәлама түн ішінде,  
Қашан да ауыл үйдің әдеті ғой.  
Кеш келіп,  
Жататұғын ерте кетіп.

Әдейі келді беттеп бұл ауылға.  
Кәдік жоқ ән мен күйдің ұнауында.  
Осы үйде –  
Шілдехана тойын тойлап,  
Боламыз үш күн бойы шылауында.

Сағади орынынан тұрды атып:  
– О, тәубе, басын бізге бұрды бақыт.  
Ықылас өздерінде кетсеңдер де,  
Қонақ боп үш күн түгел  
Үш ай жатып.

– Біз мұнда қонақ болып келгіміз жоқ,  
Алыстан ат арытып, желгіміз жоқ.  
Өзіндей сөзі байсал,  
Өзі жайсаң,  
ініні таба алмаспын елден іздеп.

Ел аман,  
Дүние тыныш,  
Далам дархан,  
Жүреміз –  
Сіздей жанды етіп қалқан.  
Сәбидің шырылдаған үнін естіп,  
Қалайша үйде бұғып, қарап жатам.

Атамыз араласқан бауыр едік,  
Бір қонып,  
Бірге көшкен ауыл едік.  
Бергелі келіп тұрмыз  
Батамызды,  
Болсын деп, –  
Балапанның бауы берік!

Сағади қалғаннан соң жөн келіп,  
Орнынан тұрды жайлап төбіреніп.  
Ағасын бауырыңа баса берді,  
Жас іркіп жанарынан еміреніп.

Екеуі бірге түзеп әннің көшін,  
Мұндайда кеңіл есіп,  
Жан гүлдесін.  
Ағытты Нұрхан  
Торғай толғауларын,  
Қарт Мұрат –  
"Қарға ұрының" әңгімесін.

Ақкөлдө,  
Атамекен төсіндегі,  
Мерейін ауыл-елдің есірді енді...  
Осылай  
Кенжеғали жас сәбидің,  
Кіндігі ән-жырменен кесілген-ді.

## Шөптікөлде

Оқушым!  
Болып па едің Шөптікөлде,  
Шөптікөл  
Құшақ жайған тектілерге.  
Қыс өтіп,  
Жадыраған көктем келсе,  
Бейне бір оранғандай көк кілемге.

Жас бала мал қайырған таяғымен,  
Қияға қос қанатын жаяды кең.  
Қаптаған қызғалдақты  
Қыр тесінде,  
Басуға аянады аяғымен.

Ақкөлдін естен кетпей айдыны өлі.  
Басылмай бала көңіл – тай құмары.  
Аңдардың маңайына бармақ түгіл,  
Құстарды үркітуге қаймығады.

Тентекті ұнатпайды таяғы үстем,  
Жасаған әлдекімдер аяр істен.  
Тіршілік қайыр еткен атаулының  
Бөріне қарайды ол –  
Аянышпен.

Білімге  
Құлаш ұрып тұнық – терең,  
Көңіліне қонақтамай күдік деген.  
Бозбала  
Бозда ойнаған сәби сезім,  
Бөріне қарайды ол үмітпенен.

Бөріне қарайды ол адалдықпен,  
Жаны қас жас күнінен надандықпен.  
Аялап,  
Ардақтаған  
Ата-ананың,  
Үлкейсе –  
Үміт көп одан күткен.

Сабақта –  
Нағыз езі алымдының,  
Жастық шақ –  
Бос жібермей жалын күнін.  
Ертеңге қалдырмастан еткен ісін –  
Дайындап қояды ол бөрі бүгін.

Біледі –  
Алғыс барын,  
Бата барын,  
Қалт етіп,  
Қате кетсе,  
Қатал әр күн.  
Жүрепін елжіреген байқап – сезіп,  
Тілегін екі етпейді  
Ата-ананың.

Қар күреп, таңнан тұрып,  
Мал жайлайды,  
Түсініп қабағынан қандай жайды.  
Кей күні қой күзетіп,  
Түні бойы,  
Ит-құсты ығыстырып айғайлайды.

Кітаптан арасында бас алмайды,  
Ойыннан да сырғақтап қаша алмайды.  
Оқитыны –  
Ертегі,  
Ерлік дастан,  
Бұқар жырау,  
Баяғы Асан қайғы.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

# Сағадиев

(Публицистикалық поэма)

## Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ

(Соңы. Басы газеттің өткен санында).

Содан кейін –  
Нұрханның дастандары,  
Ең алғашқы мектептің баспалдағы.  
Сырбайдың да жырларын сығалайды,  
Ай мен күнді жырлаған  
Аспандағы.

Тағы басқа пәндерге алаңдайды,  
Есепті де шығармай қала алмайды.  
Тертіншінің сыныбын тәуір оқып,  
Шептікелдің мектебін тәмамдайды.

Шептікелді төрт жылдай тұрақ еткен,  
Күн жылынып, жер кеңіп – туа көктем.  
– Жақсы оқысаң сабақты, – деп, әкесі, –  
Апарам деп Ақкелге уәде еткен.

Ақкел болып, күні-түн есі-дерті,  
Кеңілінің қобалжып – кешіл еркі.  
Айдын келге тұрады аңсары ауып,  
Кез алдынан бір кетпей осы керкі.

Кез алдынан  
Бір кетпей толқындары  
Ұмытпайды сол кезді,  
Сол күнді әлі.  
Келген-кеткен естиді жолаушыдан,  
Аңыз кеп,  
Әңгіме кеп – ол туралы.

Аңыз кеп  
Ақкел жайлы аңыздаған,  
Керген ол – аққуларды алғызбаған.  
Әсем бір ән айтқанда  
Іңкәр жайлы,  
Кез бар ма жүрек тулап,  
Қан қызбаған?!

Сол айдын, көргісі кеп  
Сол аққуды,  
Апқынып,  
Алаң кеңіл талап қылды.  
Арбамен шеп тасуға құрақ ұшып,  
Бір күні  
Бала жігіт жарап тұрды...

## Арба үстіндегі ән

Ақкелге аттанды олар таң бозынан,  
Арбада –  
Арлы әке, маңғаз ұлан.  
Ақкелге кейде осылай  
Асығатын,  
Сағади кездерінде, сәл қажыған.  
Ақкелге барса бойы жеңілденіп,  
Қуанып,  
Құрақ ұшып,  
Кеңілденіп.  
Мәз болып, балалығын есіне алып,  
Қайтатын ата-баба жерін керіп.

Торғайдың жеткізбейді даласы кең,  
Өмірдің  
Әлшенеді мәні осымен.  
Ат арба жеделдетіп алға тартып,  
Бұл жолы келе жатыр баласымен.

Арбаға  
Азын-аулақ азық арта,  
Ішінде бірер білем қазы-қарта.  
Құтыға құйып алған айран мен сүт,  
Және бар –  
Сойып алған қозы-марқа.

Құрты бар,  
Малтасы бар – бірер кесек,  
Қазақы қой құйрығы – білемге есеп.  
Бозбала арба үстінде жантаяды,  
Тастаған шепті жауып,  
Кілем төсеп.

Күрен ат ырдуанды ырғап тартып,  
Кей жерде қиналады  
Күшін сарқып.  
Қарайды  
Кенже бала төңірекке,  
Жүреп алып-ұшып, кеңілі шалқып.

Қарайды кезін қадап жан-жағына,  
Өзінің тигендей-ақ тандауына.  
Жердеп –  
Шық-шық еткен саршұнаққа,  
Кектегі –  
Қыран құстың самғауына.

Ауылдан ұзап үш-төрт шақырымдай,  
Әкесі ән бастады ақырын жай.  
Сол бір ән әрі мұңлы,  
Әрі зарлы,  
Кеудеден шым-шым шыққан запырандай.

Сақтаған сары алтындай кептен бергі,  
Келтіріп кез алдына еткендерді.

Сабырлы сазға толы бір әуенді,  
Кетеріп естіртпейді  
Кектем желі.

Дауысы  
Дір-дір етіп шықпағандай,  
Қасында бала жатыр ұйықтағандай.  
Әуенін арагдік естігенмен,  
Айтылған бір сезін де ұқпағандай.

Әйтеуір –  
Әсерлі ән мұңға батқан,  
Әуенге ұқсамайды күндеп айтқан.  
Әлпінде айтылған ән тал бесіктей,  
Баланы тербетеді ұйықтап жатқан.

Құлағын қайта түріп  
Кенже бала,  
Сүйсініп бір қарайды кең далаға.  
Қайтадан қисаяды ұйқы меңдеп,  
Бейне бір шендескендей шермен ғана.

Әлп әуен естілгенмен далада үдеп,  
Біледі бір мұң барын бала жүрек.  
Бір кезде мойнын созып,  
Кенже бала  
Жүзіне әкесінің қарады кеп.

Бір әуен толас таппай тынбай зарлап,  
Барады кең даланы кеулеп-шарлап.  
О, ғажап!  
Кенже бала керіп қалды,  
Кез жасын әкесінің аққан парлап.

Әкесі бұл бір сәтті аңдамады,  
Әуелеп үдей түсті ән баяғы.  
Бірауық жатты бала үнсіз тыңдап,  
Есінде әкесінің сондағы әні:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,  
Төңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.  
Жел соқса, құйын құса жылжи беру  
Болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ.

Бұл күйге бүпін емес, кептен кірдік.  
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.  
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз  
Алалық алты бақан дертпен кірдік...

Ат басын тіреп  
Ақкел сағасына,  
Жақындап  
Жыланшақтың жағасына.  
Дастарқан жайды әкесі,  
Дәм татқыза,  
Дамылдап аласың, – деп, – тағы осында.

Әкесі отырғанмен ойға түсіп,  
Әлсіреп,  
Азайғандай бойда күші.  
Бірауық қазы кертіп,  
Жілік мүжіп,  
Азырақ ауқаттанды  
Айран ішіп.

Шіркін-ай,  
Далада ішкен айран қандай,  
Әкеге баласы да сай болғандай.  
Әкеге  
Кенже бала қойды сұрақ,  
Кеңілі болған сәтте жайланғандай.

Әкесі қабыл алды сұрағанын,  
Жұмбағын білмек болып мынау әннің.  
Шошынып, айтты бала, әкесінің,  
Қосылып зарлы әуенге жылағанын.

Тосылып қалды әкесі ойға батып,  
– Арбада келмейсің ғой жайға жатып.  
Сақтап қал осы әуенді естіген соң,  
Айтылар келер бір күн оған уақыт.

Әзірге білмей-ақ қой мәні-жайын,  
Әкенде айтылмаған бар уайым.  
Өтті ғой небір заман мына бастан,  
Қазбалап оның бәрін неғылайын?!

Ашылып бір күндері елең кезі,  
Оның да айтылатын келер кезі.  
Ашылған бұлттан шыққан күндей болар,  
Бір алла шапағатын берерде езі.

Әкесі осыны айтып түрегелді,  
Тыңайып алған сынды күрең енді.  
Баласын арбасына отырғызып,  
Бет түзеп,  
Ақкел жаққа жүре берді.

Күрең ат кеткен емес жолдан тайқып,  
Жатпады одан әрі әңгіме айтып.  
Талай той өтсе-дағы,  
Талай думан,  
Бұл өнді шықпамады өнді қайтып.

Қаншама содан бергі заман етті,  
Талай оқ ту сыртынан жанап етті.

Ақыры сол бір өнді қайран әке,  
Әзімен керге бірге ала кетп.

Кеп күтті сол әуенді  
Кенже бала,  
Айтылған зарға айналып кең далада.  
Естіді содан кейін талай өнді,  
Ол бірақ жүрегіне ем бола ма?!

Етпеске болмайды өнді мұны мәлім,  
Билетін оқушының шын ұғарын.  
Сағынған  
Сол бір өнді  
Кенже бала,  
Бұл күнде –  
Кенжеғали  
Ұлы ғалым.

Қарайды оймен шолып алыс күнді,  
Жүректің түпкірінде намыс тұрды.  
Әкемен бірге кеткен сол бір өнді,  
Ақыры –  
Тәуелсіздік табыстырды.

Бар бақыт –  
Тәуелсіздік таңы екен ғой,  
Жұмбақ сыр табиғаттың заңы екен ғой.  
Айта алмай, әке байғұс  
Алып кеткен,  
Ахаңның –  
Ахметтің ені екен ғой.

Ешқашан ұмытпайды оны халық,  
Тірелген еркіндікке жолы барып.  
Кеңірек жиі оқиды сол елеңді,  
Кітабын –  
Ұлы Ахаңның қолына алып.

## Торғайдағы күндер мен түндер

Жас Кенже  
Қарт Торғайдың құшағында,  
Талпынған қанат қағып ұшарында.  
Тамырын  
Терең тартып жас емендей,  
Торғайдың топырағынан күш алуда.

Ерекше білгенмен,  
Сезгенімен,  
Жосып тұр төңірегі сөзге кілең.  
Әлеңші,  
Ертепші бәрі осында,  
Топ бастап  
Түсіп жүрген кезге кілең.

Топырағы түртіп қалсаң жыр таматын,  
Баланың тауысқандай тұр тағатын.  
Кешеге шықса болды,  
Керетіні –  
Баяғы қарт Мұрат пен Нұрхан ақын.

Жастақ шақ,  
Кеңіл күйін желіктірдің,  
Қызығын тауыспасын теріп гүлдің.  
Қаланы –  
Қарық қылар елең-жырмен,  
Айса мен Ахметхан келіп бір күн.

Әйтсе де тым қызықпай, шеттен тыңдап,  
Білімің бойындағы күшін шыңдап.  
Бәрінен  
Кенже бала үшін бірақ,  
Керінген анасындай  
Мектеп қымбат.

Жас бала білгенімен, сезгенімен,  
Кеп аса керінбеді кезге кілең.  
Мектебі –  
Жай мектептің біреуі емес,  
Салдырған  
Аптысарин ез қолымен.

Патшаның уақытында қатал қашан,  
Білімге ұмтылмасаң атар ма таң?!  
Атақты бұл мектепте  
Өткен ғасыр,  
Оқыған,  
Төлім алып  
Ахаң-Жахаң.

Қазақтың батырлары,  
Ақындары –  
Оқыған Сырбай менен Ғафу-дағы.  
Аттаған бұл мектептің есігінен,  
Елімінің небір жайсаң ақылманы.

Жас Кенже алды мұны ойға түйіп,  
Ойынды біраз артық қойған жиып.  
Жақсы оқып,  
Тәртіпті боп,  
Төлім алып,  
Арманға құлаш ұрды  
Асқар биік.

Әкесі анда-санда келіп тұрар,  
Қоржынын теңдеп екеп беріп тұрар.

Болса да айналасы ағайындар,  
Баланың нақ езіне сеніп тұрар.

Әкенің кәсібі осы қыс-жаздағы,  
Балаға бақ сыйлауға құштар жаны.  
Шетінен әрі білгір, әрі алғыр,  
Торғайда –  
Жас Кенженің ұстаздары.

Қарт Торғай  
Тарихтың қиясындай,  
Ежелден бұл қаланың күйі осындай.  
Ордалы –  
Әкімшілік,  
Билік басы,  
Қордалы –  
Ән мен жырдың ұясындай.

Бар мұнда кітапхана –  
Кене мектеп,  
Тарихын естіген ел өлең етпек.  
Осындай мұраларды қадір тұтып,  
Оқушы өміріне өнеге етпек.

Торғайдың  
Тарихының езі –  
Төлім,  
Бойында жастарының жігер-жалын.  
Ыбырай мектебінің  
Қабырғасынан,  
Қияға қанат қақты небір ғалым.

Ұядан ұшып шықты  
Ақын,  
Әнші,  
Жылқышы,  
Қойшы және сақманшы.  
Әрбірі абыройдың биігінде,  
Болғанмен қарапайым, аты -малшы.

Бала ғой ол өзiрге бәрiн құптар,  
Етедi алған бiлiм дарынға ықпал.  
Өнердi сүйсе-дағы жүрегімен,  
Бойында  
Жас Кенженің ғалымдық бар.

Кітаптан басын алмай неше күнге,  
Біледі –  
Жалқаулықтың кеселін де.  
Ұнайды  
"Математика" деген бір пән,  
Шығарар тиянақты есебінде.

Көбінің келе бермес бұған әлі,  
Қиналып қатырғанша бұғананы.  
Күрделі,  
Қанша қиын болса-дағы,  
Есебін жаңылмастан шығарады.

Әзінше өмір жолы бағыт бастап,  
Осылай бала шәкірт қалыптаспақ.  
Түйіні-қиынына қарамастан,  
Шешеді –  
Шемішкеше шағып тастап.

Халі бар кім-кіммен де сынасардай,  
Болған-ау аталары сірә сондай.  
Бала кеп орысшаға орашалақ,  
Біреуі –  
Жас Кенжеге ілесе алмай.

Жас Кенже  
Бәрінен де оқуы озық,  
Кейбіреу ойын қуған  
Көше кезіп.  
Есептің  
Емтиханы болған кезде,  
Қарайды ту сыртынан мойын созып.

Мұндайға ұстаздары жол бергізбей,  
Сыртынан бақылайды көзін үзбей.  
Жас Кенже  
Соны еске алып сағынады,  
Шіркін-ай,  
Қызық бар ма сол бір кездей!

Керді ол сондай-сондай тамашаны,  
Шәкіртке жақсы оқыған жарасады.  
Тұратын бәрін біліп  
Оқушыға,  
Әзі де ұстаздардың санасады.

Өздері биіктерге жол ашады,  
Бойдағы білім таппас толас әлі.  
Бері де бәйек болып,  
Бас шұлғыды,  
Баланың  
Байқалған соң  
Болашағы.

Молығып білім деген бар асылға,  
Толығып айналасы жанашырға.  
Жас Кенже  
Кейде өзін сезінетін,  
Жүргендей қалың жұлдыз арасында.

Шарықтап кетуші еді қиялменен,  
Бойдағы құштарлықты тияр немен?



Жас Кенже  
Кейде өзін сезінетін,  
Тербеліп тұрғандайын  
Күй-әнменен.

### Әуликел әлемінде

Жолдасаң  
Әрең жетер сәлемің де,  
Аз емес  
Оған айтар дәлелім де.  
Тұратын –  
Сұлулық пен ұлылықтан  
Бәрі бар,  
Әуликел әлемінде.

Жалғасқан  
Жан-жүрегі  
Жақын жұрттың.  
Бірліктің  
Берекелі татулықтың.  
Торғай мен Қостанайдың  
Арасында –  
Арнасы –  
Ақындық пен батырлықтың.

Шашылса  
Алтын сөуле  
Таңмен ойнап,  
Соққанда  
Салқын самал жанға жайлы-ақ.  
Алдыңнан құшақ жайып шыға келер,  
Аманның қарағайы андағалайлап.

Осылай билесің сен қарсы аларын,  
Жаралған бақытындай барша жанның.  
Торғайдан  
Талып – сусап жеткеніңде,  
Өп-сәтте басылады шаршағаның.

Байланған  
Босап жібі – жан-жүйенің.  
Қашаннан  
Қадір тұтқан һәм киелім.  
Тамған соң кіндік қаны осы арада,  
Жері бұл –  
Марал Ишан әулиенің.

Осылай  
Ардақтаған  
Ата жұрты,  
Абыздан қасиетп бата алыпты.  
Болған соң,  
Нуы – нәрлі.  
Суы – шипа,  
Сондықтан "Әуликел" атаныпты.

Аралап,  
Тал қайыңды өтіп өрлеп.  
Қосылар  
Қостанайға шеті келбеп.  
Құшағы тұнып тұрған көл болған соң,  
Орыстар атап кеткен "Жеткел" деп.

Білмеймін  
Жеті кел ме,  
Жетпіс кел ме?  
Беленіп  
Қызыл,  
Жасыл,  
Кек түстерге.  
Құшағы –  
Құндыздайын  
Құлпырады –  
Алланың шапағаты көп түскен бе?

Ақтүбек,  
Қазанбасы,  
Қояндыағаш.  
Жаныңды баурап бірден қояр болмас.  
Ұлы жер –  
Ұстаздардың  
Ұясындай,  
Жас ұрпақ –  
Шыңдалмаса ноян болмас.

Жүрген жер  
Қанапия,  
Ақын Нұрхан.  
Айсекең талай рет атын бұрған.  
Аттанған қан майданға осы арадан,  
Баласы Баймағамбет –  
Батыр Сұлтан.

Бұл жерге  
Алла – Төңір несіп берген,  
Кетпеген берекесі есік-терден.  
Кеңжекең бесіншіні бітірген соң,  
Бұл жерге  
Ата-анасы көшіп келген.

Торғайдың айдай жазық даласынан,  
Келген соң  
Қызығыпты бала осыған.  
Құшақтап тал-қайыңды  
Қуаныпты –  
Бәсіре мінгендей-ақ нағашыдан.

Өмірдің осы болар өткелі де,  
Бейне бір қол жеткендей кектепке.  
Білімнің теңізіне сүңгіп кетті,  
Бір кезде Ахаң ашқан мектебіне.

Ісінде асылдардың қата болмас,  
Жақсыға қай кезде де бата жолдас.  
Өзінің  
Ұстаздығын –  
Ұлы жолын  
Бастаған осы арада  
Ахаң алғаш.

Оқыды Кенжеғали нақ осында,  
Ашылып алғаш бақыт – бағы осында.  
Мектептің осы күні  
Орны жатыр,  
Атанған "Мұғалімкел" жағасында.

Мейлі ғой,  
Болмаса да,  
Тауы – бәлі,  
Білімге ел ниеті ауып еді...  
Бұл жерде –  
Ахаң алғаш дәріс берген,  
Осылай атап кетті ауыл – елі.

Білгенге –  
Өткен күннен бұл бір дерек.  
Жатқан жоқ,  
Ешкім қолдап, сүйел-демеп.  
Білімнің айдынында айдай болып,  
Кенжекең  
Басқалардан болды ерек.

Білімнің өзгеше ғой нарқы мүлде,  
Кей кезде,  
Тұрғандайсың жар түбінде.  
Кенжекең өзгеперден ерек болды,  
Ұстамды – оқуы да, төртібі де.

Өзгеше,  
Жүрсі де, тұрысы да,  
Мектептің келгендей-ақ ырысына.  
Мәнерлеп айтқан сөзі –  
Жанға жайлы,  
Қанады құлағыңның құрышы да.

Сөйлейді –  
Кеңліңе күн түсіріп,  
Тұрмайды жауап таппай,  
Тым қысыпты.  
Физика,  
Есеп-қисап,  
Химияны,  
Оқиды жүрегімен шын түсініп.

Оқиды шын түсініп жүрегімен,  
Байқалып байсалдылық реңінен.  
Осылай  
Келе жатты  
Кенже бала –  
Бір жасап ел-жұртының тлегімен.

Ұстазы Жұмағали  
Ұстамды жан.  
Оқуға шәкірттерін құштар қылған.  
Деуші еді Кенжекеңе,  
Бір сүйсініп:  
– Түбінде сен боласың ұшқан қыран!

Ішінен шәкірттердің алған таңдап,  
Ұстазы айтқан екен шын-ақ аңдап.  
Кенжекең тез жетіліп,  
Қанат қағып,  
Қырандай –  
Шыға келді көкке самғап.

Самғады қағып жылдам қанаттарын,  
Тауыспас асулардың санап бәрін.  
Ұстазы қолын бұлғап қала берді,  
Қыранның шешіп алып балақбауын.

### Кенжекеңнің екесі мен шешесі

Сағади –  
Ақылды да, саналы да,  
Кермеген мұң ұялап қабағына.  
Аямай ілтипатын інілерден,  
Ардақтай білген және  
Ағаны да.

Ықпаған жауыныңнан,  
Дауылыңнан.  
Қапа боп,  
Аулақ жүрген  
Қамығудан.  
Ауылдың үлкені бар,  
Кішісі бар –  
Бәрін де кем кермеген бауырынан.

Маңдай тер –  
Тата білген дала дәмін,  
Қаумалап,  
Тамырынан тарағанын.  
Кем болып  
Қатарынан қалмасын – деп  
Оқыту – бар арманы – балаларын.

Сол үшін мал да баққан,  
Шөп те шапқан.  
Ерте-кеш  
Еңбегімен  
Келке жаққан.  
Өзінің парасаты

Ақылымен –  
Аймағын бір өзіне көп қаратқан.

Кемдік жоқ  
Жаратқанның пендесімен,  
Күн көшкен қатарымен – теңдесімен.  
Басқа да,  
Балалары  
Бар болса да –  
Өзінің үміті өткен Кенжесінен.

Осынау ерек туған  
Кенже бала,  
Басқалар оған сіре, тең бола ма?  
Кей кезде,  
Өз-өзінен пісіп-толып,  
Кетеді сыймай тіпті –  
Кең далаға.

Сағади алған іске бекінерде,  
Ешкімге бас имейді өтінерге.  
Бір күні  
Жүгін тиеп,  
Малын айдап,  
Артынып,  
Тартып кетті "Жеткелге".

Шаруасын дөңгелетіп,  
Оңдап алып,  
Қанатын ұшпақ болып қамдап алып.  
Болуға Қостанайға жақынырақ,  
Баласын оқытпақшы, сонда барып.

Жайлы жер,  
Шаруаға да,  
Қонысқа да.  
Жайылым жетіп жатыр мал ұстауға.  
Кенжекең  
Көп көшікпей  
Ел қатарлы –  
Оңтайты болып алды орысшаға.

Оған мәз әкесі де,  
Шешесі де,  
Өмірдің разы боп есесіне.  
Кенжекең  
Кадімгдей шүлдірлейді,  
Шыққанда –  
"Семиозердің" кешесіне.

Шешесі –  
Қырықмылтық руынан.  
Ықылас дарып жатқан ырымынан.  
Жігерлі болғаннан соң,  
Еріне сай,  
Құтылған қиындықтың құрығынан.

Қашанда –  
Қойны – қазына,  
Құшағы – құт,  
Алаулап жүрегінде ұшады үміт.  
Жаюлы дастарханы  
Күні-түні,  
Үйінен кеткен емес кісі арылып.

Жақсылық әр нәрсенің ұтырынан,  
Соңынан ере білген бүкіл ұлан.  
Шешесі –  
Кейде – көктем,  
Кейде – өктем,  
Болған соң  
Бейсен батыр тұқымынан.

Сыланып отырмайды құр мүсіндей,  
Тырбанып,  
Тер төгеді бір кісіңдей.  
Ұрпағы –  
Батыр Бейсен болғаннан соң,  
Елдіктің,  
Ірліктің үлгісіндей.

Сұрамай тауып берер қалауыңды,  
Жүректе  
Жандырады алауыңды.  
Өр сөзі ақыл болып,  
Нақыл болып,  
Өзіне қаратады бар ауылды.

Отырса –  
Алар орны терге лайық,  
Ешкімге жасамайды зорлық айып.  
Аялап,  
Елі-жұртын жүрегімен,  
Кей кезде іс істейді ерге лайық.

Келсе де  
Құрметтейді қандай ұлық.  
Шаруасы кетер бірден оңғарылып,  
Бір ауық атқа мініп,  
Тұра шауып,  
Бар және қайтатыны мал қайырып.

Ерлердей  
Егін егіп, шөп шабады.  
Өрине,  
Оны өзіне бақ санады.  
Тетігін тауып істің  
Тез шешеді,  
Болса да –  
Қиындықтың тас қамалы.

### Нағытай – нағыз асыл жар

Ал, ақын  
Ақ жүректен  
Ағыт ойды.  
Шабыттан –  
Бастағандай тағы тойды.  
Бағала,  
Бабы келген  
Бір бәйбіше –  
Ағаның асыл жары –  
Нағытайды.

Қашанда ел-жұртына ақ тілегі.  
Нағытай –  
Айдың көлдің  
Аққуы еді.  
Апшаңдап жүрер бүгін  
Ару-Ана  
Ішінде –  
Бақыт өлі,  
Шаттық елі.

Сөз айтсам,  
Бақыт пенен бақ жайында,  
Құйғытып барып-барып тоқтайында.  
Ағамыз қарағайдай болғаннан соң,  
Өзі де ұқсап кеткен ақ қайыңға.

Жарасып жүрегіне  
Жан мінезі.  
Табады менің болсын бабын езі.  
Кезінде  
Ағамызды ғашық қылған.  
Ай маңдай,  
Аршын тестің нағыз өзі.

Менің де  
Керіп,  
Біліп –  
Түсінгенім.  
Баптаған  
Балапанын – құсын көрдім.  
Өзгеше тәрбиесі,  
Тәлімі де,  
Ешқашан болған емес ісінде мін.

Жоқ оның  
Тайсалақтап,  
Тайынары.  
Өзгеше сабақтайды ойын әрі.  
Кісіге кеңлі түссе  
Ағыл-тегі,  
Үйінде ақ дастарқан жайылады.

Сырласып ақынмен де,  
Сазгерменен.  
Кетеді тіл табысып, өзге елменен.  
Ширығып,  
Шыңдалған ол,  
Расында,  
Жасында –  
Қиындықты аз кермеген.

Қаңтардай –  
Қара суық – ақпандатып.  
Сұрапыл  
Сүргің болып жатқанда уақыт.  
Құдайдың бұл да берген бағы болар,  
Кездесіп  
Кенжекеңмен тапқан бақыт.

Құрлысшы – мамандығы  
Биік білім.  
Жақсы іске өзі нағыз ұйытқының.  
Қосылып,  
Кенжекеңмен,  
Қол ұстасып,  
Еліне болды –  
Ол да –  
Сүйіктің.

Қиналмай,  
Құрай білген,  
Құрылысын да,  
Кем-кетік болған емес тұрмысында.  
Тастайды,  
Шын кіріссе,  
Сарай салып,  
Өтпей-ақ,  
Бір жаз түгіл,  
Бір қысың да.

Осылай сыйлы болды кең мекенге,  
Жеңгеме ешкім болмас теңдесерге.  
Шаруаны жалғыз өзі дөңгелетіп,  
Соңынан көрсетеді –  
Кенжекеңе.

Кенжекең бұл ісіне разы боп,  
Қалады қуанышы біраз үдеп.  
Қасында Кенжекеңдей –  
Алау оттың  
Жеңешем жарқырайды шырағы боп.

Ұшырып  
Ұл-қыздарын ұясынан,  
Ғылымның қол бұлғайды қиясынан.  
Берілген  
Бір шаңырақ –  
От басына –  
Алланың артық болмас сыйы осыдан!